

PREZIDENT I

СЕНАТ ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ



Кеше Елбасы Парламент Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевты қабылдады, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі

Кездесу барысында Мемлекет басшысына Парламенттің жоғары палатасының VI шақырылымы үшінші сессиясының негізгі қорытындылары мен алдағы сессияда қарастыратын заң жобалары жұмыстарының жоспары баяндалды.

– Алдағы сессияда экономика саласына қатысты ауқымды заң жобаларын және бірқатар халықаралық құжаттарды қарастыру жоспарланған. Үкімет көптеген заңнамалық бастамалар әзірлеп жатыр. Бізге солармен жұмыс жасау

қажет. Сонымен қатар, бұған дейін қабылданған инфрақұрылымдық және индустриялық даму бағдарламаларын, Президенттің бас әлеуметтік бастамасын жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды жалғастыра береміз, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев өткен сессиясының қорытындысы бойынша Сенат депутаттары салық, кедендік реттеу, бюджеттік басқару және басқа да салаларға қатысты 84 заң қабылдағанын мәлімдеді.

Қазақстан Президенті Каспий

теңізінің құқықтық мәртебесін анықтау жөніндегі Конвенцияны ратификациялауға байланысты өткен Каспий маңы мемлекеттерінің Бесінші саммитінің нәтижелеріне арнайы тоқталды.

– Бес мемлекеттің басшылары 20 жыл бойы талқылаған Каспий теңізінің конвенциясына қол қойды. Ақтау қаласы мен Маңғыстау облысын одан әрі дамытуға, өңірде жаңа жұмыс орындарын ашып, қызмет көрсету және туризм салаларын ілгерілетуге септігін тигізетін бұл шешімнің зор маңызын бүкіл халықаралық сарапшылар атап көрсетуде, – деді Мемлекет басшысы.

БҮГІНГІ САНДА I

ASTANA Dance Fest

ҮМІТ АЛҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ 2 >>

РУХАНИ ЖАНҒЫРУ

КӨП СЫР БҮККЕН МҰНАРА 3 >>

РУХАНИ ЖАНҒЫРУ

ҒАСЫР ЖҮГІН АРҚАЛАҒАН ЖӘДІГЕР 6 >>

Дәстүрге айналған «Мектепке жол» қайырымдылық шарасы аясында биыл да тұрмыс жағдайы төмен отбасылар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға әлеуметтік көмек көрсетілмек.

Балаларға мектеп құралдарын табыстады



Облыстық білім басқармасы мамандарының айтуынша, бүгінгі күні аудан және қаланың білім бөлімдері, ҮЕҰ тарапынан жұмысшы топтар құрылып, көмекке мұқтаж отбасылардың тізімдері жасақталып жатыр. Алғашқы онкүндік ақпарат бойынша көмек сұрағандар саны нақтыланған.

Дәстүрге айналған акция шеңберіндегі шараға облыстық білім беру ұйымдары қызметкерлерінің ұйымдастыруымен 50 балаға мектеп формасы мен құралдар табысты.

Өңіріміздің бас педагогы Майра Мелдебекова республикалық акцияның әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы балаларын қолдаудағы маңызы жайлы айтты.

– Жыл сайын Қазақстанда жаңа оқу жылының қарсаңында

«Мектепке жол» қайырымдылық республикалық шарасын өткізу дәстүрге айналған. «Мектепке жол» акциясы аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың оқушыларына көмек көрсетуге бағытталған. Бұл акция 1 тамыз – 30 қыркүйек аралығында осымен он бірінші жыл өткізіліп отыр, – деді.

«Жомарт» қоғамдық қорының директоры Мая Наримова акция аясында қайырымдылық марафоны өтетінін айтты.

– Марафон қоғамдық қоры мен жастар саясаты және білім басқармасының қолдауымен өтеді. 2000 билетті сату және демеушілер арқылы қорға түскен қаражат есебінен қаланың 200 жылдығына орай 1-сыныпқа баратын 200 балаға мектеп формасын орталық алаңда тапсырамыз, – деді М.Наримова.

Жыл сайын өткізіліп жатқан осынау шарада демеушілер мен меценаттар тарапынан көрсетілген көмектер мен қолдаулардың үлесі зор. Биыл да акцияға барлық деңгейдегі мекеме басшылары, кәсіпкер азаматтар, мемлекеттік қызметкерлер, үкіметтік емес ұйымдар, аудандық, қалалық білім бөлімдері, сондай-ақ, мектеп басшылары атсалыса алады.

Шынар БЕКБАН,
«Сыр бойы».

ЖАҢАҚОРҒАН ТЫНЫСЫ – 85 I

БАЙЫРҒЫ БАСЫЛЫМНЫҢ БЕЛЕСІ



Бастауын 1933 жылдың 1-қыркүйегінен алатын Жаңақорған аудандық «Жаңақорған тынысы» газеті биыл 85 жылдық белеске шығып отыр. Басылымның мерейлі мерекесіне орай аудан әкімдігінің мәжіліс залында «Қоғамдық сананы қалыптастыруда төл басылымның ролі» тақырыбында облыстық семинар өтті. Оған есімі елге белгілі қаламгерлер мен аймақ журналистері қатысты.

Семинарды аудан әкімі Ғалым Әміреев жүргізді. Шара барысында аудандық газеттің тарихи жолы мен бүгінгі жайлы түсірілген «Қауырсын қалам ұшқыны» атты бейнеролик көрсетіліп, 85 жылдыққа арнайы шығарылған «Дәуір айнасы» кітабының тұсауы кесілді. Сондай-ақ, «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Аманжол Оңғарбаев пен аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Әбілғазы Төлегенов лебіздерін білдірді.

Бүгін бір ауданның ұнжарына айналған басылым алғашқыда «Екпінді» болып жарық көрсе, одан беріде «Қызылмақташы», «Коммунизм жолы» деген атаумен оқирманға қол тартты. Ал, 1991 жылдан бастап «Жаңақорған тынысы» аталып келеді.

Бұл басылымда Әдірейов Рыскелдиев, Мұлкаман Қалауов,

Махамбет Әбдрайымов, Әшім Отарбаев, Ілияс Мырзахметов, Нұрділла Жәкеев, Сейткамал Үсебаев, Көпбай Ержанов, Баймахан Уызбаев, Сыдық Алдабергенов, Смайыл Ақжігітов, Әзілхан Аманов, Мырқы Исаев, Адырбек Сопыбеков, Құдабай Ертаев, Айдархан Бибасаровтың өзіндік ізі қалды. Тәуелсіздік жылдарынан бері Олмесхан Болатбеков, Алмас Бекжігітов және Қаныбек Әбдуовтер басылым тынысын аша түсті.

Бүгінде басылым аймақ тынысын айшықтап, Елбасы тапсырмасына сай өңірде атқарылып жатқан тылымды істердің насихатшысына айналған.

Облыстық және аудандық басылымдардың басын біріктірген «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қосылғалы бері газет мүмкіндіктері артып, жаңаша форматпен шыға бастады. Редакцияның материалдық-техникалық жағрағандырылуы заманауи сипат алды.

Газет мерейтойына орай ұйымдастырылған шарада Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің бас редакторы Әділжан Үмбет пен аудандық басылым редакторы Нұрлат Байгенже баяндама жасап, белгілі айттықтар ақын Әбілқайыр Сыдықов жырдан шашу шашты. Семинар соңында газет қызметкерлері мен бірқатар сала ардагерлеріне аудан әкімі мен «Сыр медиа» ЖШС марапаты табысталды.

Ақпарат айдынында өзіндік орны бар «Жаңақорған тынысы» газетінің келешекте ешкімге ұқсамайтын өз жолы болатыны көрініп тұр. Редакциядағы мамандар қатары қаламы қуаттанған, талғамы толыққан, ойы кемелденген тәжірибелі журналистермен толыққан. Басылым материалдарының рухани бағыты мен мазмұндық мәні терең, оқирманға ой сала білетіндігімен ерекшеленді.

А.АҚЫЛБЕК.



BRIFING I

Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов әлеуметтік саланың алғашқы жартыжылдығын қорытындылап, журналистерге арналған баспасөз мәслихатын өткізді.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАДАҒЫ АЙҚЫН НӘТИЖЕ

Ең алдымен білім саласының бағыты мен алдағы міндеттерін саралаған облыс әкімінің орынбасары орта білім саласындағы жаңартылған білім мазмұнына көшу барысына, ҰҒТ нәтижесіне тоқталды. Мектеп бітірушілер сынағының биылғы көрсеткіштері былтырғыға қарағанда едәуір жақсарған. Ол орташа балдан да, 100 балдан жоғары жинаған түлектердің көрсеткішінен де, мемлекеттік грант санынан да анық байқалады. Қазір Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатыспаған, шекті деңгейден өтпеген түлектердің білім алуына қатысты шаралар атқарылууда.

Биыл 2732 түлек мемлекеттік грант иеленсе, 751 түлек «Серпін» бағдарламасы бойынша оқуға түскен, ал облыс әкімінің грантымен 205 түлек білім алатын болады. Ресей Федерациясының жоғары оқу орындарының грантын 70 адам жеңіп алды.

Қоғамдық-саяси маңызды шаралардың күнтізбелік жоспарындағы айтулы мерекелердің бірі – Астана қаласының 20 жылдығына орай 250-ден астам шара өткізілді. «Рухани жаңғыру» орталығы «Қорқыт ата кітабы және Сыр бойында туған оғыз-қыпшақ эпостары» және «Сыр бойының мәдени құндылықтары: ел аңыздары мен салт-дәстүр үлгілері» атты тарихи-танымдық жинақтарды баспаға әзірлеуде. Еліміздің бірде бір облысында «Рухани жаңғыру» орталығы ашылмағанын ескерсек, жаңа бастамалардың ізашары болған мекеменің бұдан өзге де жоспарлары жеткілікті.

Биыл облыстық мемлекеттік архивмәраты тиіткі жобамен салынды. Шіелі ауданындағы Еңбекші, Жалағаш ауданындағы Мәдениет ауылдық клубтарының құрылысы салынып, пайдалануға берілді. Жыл басынан бері 1 халықаралық, 4 республикалық, 17 облыстық конкурс-фестиваль ұйымдастырылды.

2-бет

КАСІПКЕРЛІК I



«Қолы қимылдағанның, аузы қимылдайдының» білмейтіндер кемде-кем. Қандай қоғамда да бел шеше еңбек еткендердің есесі кеткен емес. Бұл, әсіресе, нарық заңы өмірімізге дендеп енген бүгінгі таңдағы басты қағидаға айналғандай. Ел арасында Қазалы ауданында сауда-саттықтың қарқынды дамығаны жиі айтылады. Тарихқа зер салсақ, сауда Қазалы жерінде сонау ықылым заманнан бастау алғанын көруге болады. Ресей патшалығы тұсында, кеңес өкіметі кезінде қанатын жайған кәсіпкерлік ісі ауданда кәзірде жоғары деңгейде. Мақаланы жазу барысында облыстық кәсіпкерлер палатасының Қазалы аудандық филиалы директоры Ермек Аймахановпен тілдескен едік. Сала басшысы бізге қажет мәліметтерді тайға таңба басқандай баяндап берді.

Білгеніміз, палата тарапынан өткен жылы аудандағы кәсіпкер болуға ниетті 1160 адамға 3480 қызмет түріне кеңес берілсе, ағымдағы жылы осынау жағымды жаңалық жалғасын тапқан. Атап өтерлігі, кеңес беру барысында мемлекеттік бағдарламаларды насихаттап, түсіндіру, кәсіпкерлерді құқықтық қолдау, несие алу, мақсатты жұмсау және қайтару мәселесіне ерекше назар аударылды. Білімді адамның қай кезде де есесі кетпесі анық. Бұл тұрғыда кәсіпкерлер палатасы белсенділік танытыпты. Филиал тарапынан ауданның Қарақұм беткейі мен Қызылқұм шекарасына дейінгі шет аумақтарын елді мекендерді аралап, ауыл кітапханаларына «Шағын бизнеске арналған 100 жоба» кітабы табысталыпты. Осынау қадам арқылы ауылдағы бастауын кәсіпкерлер жаңа бизнес әдебиетімен қаруланды. Оған қоса филиал өкілдерінің аудан әкімі аппаратымен бірлесіп қала, кент, барша ауылдық округ әкімі бас мамандарының қатысуымен «Онлайн жүйеде кеңес алу» тақырыбында семинар өткізілуі де құптарлық жайт. Елді мекендердегі кәсіпкерлерге, кәсіпкер болуға ниеттілерге қолайлы жағдай жасау мақсатында мемлекеттік бағдарламалар туралы кеңес беріп, селекторлық жүйеде ауыл азаматтарымен тікелей байланысып, семинарда ауыл әкімі аппаратында арнайы электронды пошта ашылып, мамандарына түсіндірме жұмыстары жүргізілуі де көпшілік тарапынан оң бағаланды.

Кәсіпкерлердің құқығын қорғау – бүгінгі таңдағы өзекті мәселе екені әмбебап аян. Осы бағытта атқарылған шараларға да тоқтала кетсек, артық болмас.

– Кәсіпкерлердің өтінішімен құқықтарын қорғау бойынша сот отырысының алты азаматтық ісіне қатысып, құқықтарын қорғап шығу оңай шаруа емес. Олардың қатарында «Қызылорда облысының жердің пайдалану мен қорғалуын бақылау басқармасы» ММ

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына 3 кәсіпкердің жер учаскелерін нысаналы мақсаты бойынша пайдаланбай отырғанына байланысты мәжбүрлеп алып қою туралы талап арыз берген болатын. Талап бойынша филиал заңгері азаматтық істерге қатысып, Қазалы ауданының үш кәсіпкерінің жалпы аумағы 1500 шаршы метр құрайтын жер телімі қорғалды. Сондай-ақ, ҚР АШМ Су ресурстары комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қасушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорнынан «Жалаңтөс батыр» ЖШС-на 430 549 теңге қаражат өндірілді. Ағымдағы жылы кәсіпкерлерге қолдау көрсету мен құқығын қорғау жайлы өтініштер келіп, қанағаттандырылууда. Кәсіпкерлердің сенім хаттары негізінде Қазалы аудандық сотының отырысына филиал заңгері қатысып, екі кәсіпкердің 310 мың теңге көлемінде қаржысы өндірілді – дейді филиал басшысы.

Оған қоса, кәсіпкерлердің құқығын қорғау мақсатында бірлескен іс-шараға сәйкес филиалдағы «Прокурор кабинетінде» аудан прокуроры аптаның әр серсенінде кәсіпкерлерді қабылдайды. Филиалдың бастамасымен кәсіпкерлерге, аудан тұрғындарына заңнамалық актілердің қолданылуы, құқықтық сауаттылығын көтеру мақсатында «Заңгерлер клубы» ашылып, кәсіпкерлерге бағыт-бағдар беру, әкімшілік шара көрулерінен сақтау мақсатында жадынама ретінде алгоритм дайындалған. Халықты жаппай кәсіпкерлік негіздеріне оқыту да ауданда күн тәртібіне тұрақты қойылыпты. Кәсіпкерлік негіздеріне оқыту бағытында «Бизнес-кеңесші» жобасы бойынша бірқатар адам білімін жетілдірсе, «Бастау Бизнес» жобасымен өткен жылы 222 азамат кәсіпкерлік негіздеріне оқытып, бизнес жобасын қорғап, оларға сертификаттар табысталды. Ауыл тұрғындарын оқытуда кент, қала, Майдакөл, Құмжикек, Ғ.Мұратбаев, Қызылқұм ауылдық округтері ерекше белсенділік танытып келеді. «Бастау Бизнес» жобасы шеңберінде ағымдағы жылға 220 тыңдаушыны оқуға қатыстыру жоспарланған. Аудан әкімі Мұрат Ерғешбаевтың кәсіпкерлер палатасына келіп, тыңдаушылармен кездесу жүргізіп, ұсыныс-пікірлерін тыңдап, алдағы жоспарларымен ой бөлісуі көпшілікті қанағаттандырып, кәсібіне деген сенімдерін арттыра түскендей.

Ең бастысы, аудан әкімінің бастамасымен ауыл әкімдері оқу курсына қатысқан тыңдаушылармен бірге облыстық комиссияға қатысып, жобалардың қорғалуына өз ықпалдарын тигізіпті. Нәтижесінде, қайтарымысыз инновациялық гранттық қаржыландыру бойынша өткен жылы ұсынылғандардың ішінде 19 жоба грант ұтып алды.

Жұмбақ ТАБИЫБАЕВ,
Қазалы ауданы.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАДАҒЫ АЙҚЫН НӘТИЖЕ



Сыр бойы өнері мен мәдениетін алыс-жақын шетелдерге таныстыру, насихаттау бағытында облыстық филармонияның өнер ұжымы Ресей Федерациясының Орынбор қаласы мен аудандарында бірқатар концерттер берсе, «Ақмешіт» фольклорлық ансамблі Ұлыбританияның Лондон қаласында өткен Наурыз мерекесінде өнер көрсетті. Сондай-ақ, жақында ғана Н.Бексезенов атындағы қазақ музыкалық драма театры ұжымы Шотландияның Эдинбург қаласында өткен «Фриндж» халықаралық фестиваліне қазақтың халық жазушысы Ғабит Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» лиро-эпостық драмасының желісі бойынша сахаланған «Ақбаян» спектаклімен қатысты.

Жыл соңына дейін «Қорқыт Қобыз» атты республикалық қобызшылар байқауы, Сыр сүлейі, жырау Тұрымбет Салқынбайұлының 150 жылдығына арналған республикалық жыршы-термешілер байқауы, Жарсақан Әбдірашұлының 70 жылдығына арналған «Парасатты поэзия» фестивалі сияқты ірі шаралар өткізілмек.

Денсаулық сақтау саласындағы жаңа бастамалар ана мен бала саулығын нығайту, ауруды ерте бастан анықтау сияқты мақсатты жұмыстардан анық көрінеді. Онкологиялық қырағылықты арттыру мақсатында онкологиялық орталықтың 9 дәрігері Ресей Федерациясы, Түркия, Швеция және Оңтүстік Корея мемлекеттерінде біліктілігін арттырып, сол елдердің клиникаларында жұмыс жасады. Оңтүстік Корея медицинасының тәжірибесін басшылыққа ала отырып, онкопатологияға күмәнді науқастардың диагнозын нақтылау мақсатында 4 төсектік «Диагностикалық палата» ашылды.

Байқоңыр қаласындағы облыстық медицина орталығының филиалында емхана ашылды. Қазір мұнда 18 мыңнан астам қазақстандық азамат тіркелді. Қазақстан мен Ресей Федерациясы арасындағы Үкіметаралық келісім ратификациясынан кейін 15

мыңға жуық қазақстандық тіркелсе, Байқоңыр қаласы тұрғындарының медициналық көмекке қолжетімділігі артады. Бұқаралық спортты дамытудың негізгі жолы – жарыстарды көптеп өткізіп, халықты спортқа тарту болса, мұндай шаралар мен оған қатысушылар саны артып келеді. Аймақтағы 7 елді мекенде, атап айтсақ, Жанқожа батыр, Мәдениет, Ақжарма, Еңбекші, Түткен ауылдарында және Сексеуіл, Төретам кентеріндегі спорт кешендерінің құрылысын аяқтау үшін облыстық бюджеттен қаржы қаралды. Мемлекеттік жекешелік әріптестік аясында 7 жобаны іске асыру жоспары бар.


Статистикалық мәліметтерге қарасақ, өңір халқының 24% жастар құрайды. Жастардың түрлі әлеуметтік бастамаларын қолдау мақсатында 42 әлеуметтік тапсырыс қаржыландырылды. Өткен жылы ҚР Қоғамдық даму министрлігі тарапынан республика бойынша тиімді әлеуметтік жобалардың тізілімі іріктеліп, өңірде жүзеге асырылатын жобалар ішінен 5 жоба басқа облыстарға үлгі ретінде ұсынылды.

Жастар саясаты мәселесіндегі ең өзекті түйткіл – жастар жұмыссыздығын азайту. Қазір жастар ресурстық орталығы жанынан құрылған «Рекрутинг» орталығы арқылы әртүрлі меншіктегі 20-дан астам кәсіпорындармен тығыз байланыс орнатылған.

Ресей Федерациясы гранты есебінен инженерлік оқу орындарындағы мамандарға түлектердің алғашқы легі, яғни 75 студент өз дипломдарын алды. Қазір олардың дені оқуын жалғастыру мақсатында магистратураға тапсырып жатса, елге оралған 6-ы тұрақты жұмысқа орналасты. Қалған түлектерді облыстық кәсіпорындары жұмысқа қабылдауға дайын. Кейбір түлектер мемлекеттік қызметтің кадрлық резервіне алынады.

Брифингтен соң журналистер жаңа оқу жылына әзірлік, Қызылорда қаласының 200 жылдығы, тегін дәрі-дәрмек туралы сауалдар қойып, сала басшыларының жауабын тыңдады.

М.МЕРЕЙ.



Сәрсенбі күні ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің облыс бойынша департаментінің ұйымдастыруымен дөңгелек үстел болды. Оған облыстық кәсіпкерлік палатасы, туристік қызмет көрсететін нарық субъектілері, тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамы өкілдері қатысып, туристік қызмет саласындағы өзекті мәселелерді талқылады.

Шара барысында аталған департамент басшысының орынбасары Еркін Орынбаев сөз алып, тәуелсіздік алған жылдардан бергі еліміздегі туризм саласының дамуын, туристік қызметті ұйымдастырудағы талаптар жайлы сөз етті. Ал, тұтынушылардың құқықтарын қорғау бөлімінің басшысы Ерқасым Сүлейменов туристік қызмет көрсету саласын реттейтін нормативтік құқықтық актілеріне, еліміздің «Туристік қызмет туралы» Заңына сәйкес туристік индустриядағы қызмет көрсету түрлері мен туристік құқықтарына тоқталып, аталған қызмет барысында орын алатын тұтынушылардың құқықтарының бұзылуына байланысты жүргізілген сауалнаманың қорытындысын жазды етті.

– Әрбір турист өзінің құқықтарын білу керек. Сондай-ақ, тұтынушы ретінде құқығының бұзылуына жол бермеуі тиіс. Сонымен қатар, қауіпсіз қызметті

сатып алуға, қызметті еркін таңдауға, қызмет туралы және қызмет көрсетуші жайлы ақпарат алуға, қызметтің кемшіліктері салдарынан өздерінің өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген залалды, моральдық зиянды толық өте-туге құқылы. Мұның барлығы заңда қарастырылған. Жалпы айтқанда, туристік қызмет көрсетушілер тұтынушыға сапалы, әрі қауіпсіз қызмет көрсетуі қажет, – деген Е.Сүлейменов жиын қатысушыларының назарына «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау» және «Туристік қызмет туралы» заңдарының талаптары туралы толық ақпарат берді.

Мұнан бөлек, қатысушылар еркін пікір алмасып, жергілікті турагент пен тур операторлардың тұтынушыларға көрсететін қызметін тілге тиек етті. **Мейрамғұл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы».**

TAMYZ MÄSLIHATY QARSAŃYNDА І

Білімнің бастауы – мектеп, келешек ұрпақтың алғашқы баспадағы – білім беру саласы. Ал сәт сайын алға қарыштаған қазіргідей кезеңде білім саласындағы түбегейлі де соны өзгерістер ұстаздар қауымынан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сауалы күндерден соң қызығы мол жазғы демалыс мәреге жетіп, жаңа оқу жылы бастала мақп. Осы ретте аудандағы білім ошақтарының жаңа оқу жылына дайындығын білмек болып аудандық білім бөлімінің басшысы Бектұр Қалимен тілдескен едік.

Басшылық жұмыстың сан сатысында шындалған Бектұр Асанханұлы сауалымызға ірікпен жоқ.

Оның айтуынша, 34 мектеп типтік ғимаратта, екі мектеп ыңғайластырылған ғимаратта орналасқан. Қазалыда ұстаздардың біліктілігін арттыру – күн тәртібіне тұрақты қойылған мәселенің бірі. Сапалы білім алу үшін оқушыларға жан-жақты қолдау да қажеттілігі белгілі. Бұл бағытта ауданда қолға алынған жағымды жаңалықтар легі баршылық екен. Кент орталығынан оқушы орнының ташылығын жою мақсатында салынып жатқан жаңа мектептің ғимараты жуырда пайдалануға беріледі деп күтіледі.

Тағы білгеніміз, білім беру ұйымдарына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге аудандық бюджеттен бөлінген қаржыға қажетті шаруашылық және құрылыс заттары алынып, білім



беру ұйымдарына таратылып берілген. Ұсынықты шаруаның арқасында есік, терезе жаңарып, едендерді сырлау, ішкі, сыртқы тазалық жұмыстары жасалып, сынған парта-орындықтар жөндеуден өткізілген.

Ү.Түктібаев ауылындағы №88 мектеп пен «Данияр 97» ЖШС арасындағы келісім-шарт негізінде мектептің жылу жүйесі ауыстырылып, кіреберіс төбесі жөндеген. Үнемделген қаржыға ғимарат алдына пандус орналастыру, кіреберіс баспадақтары, сыртқы есікті ауыстыруға жасалған қосымша келісім-шартқа сәйкес жөндеу жұмыстары жуырда аяқталады деп жоспарланған. Ал Ф.Мұратбаев ауылындағы №91 мектеп пен «Бизнес Құрылыс и К» ЖШС арасындағы келісім-шарт бойынша ғимараттың ішінара терезе-есіктері, едені, жылу жүйесі ауыс-

ІЗДЕНІС – ЖЕТІСТІК БАСТАУЫ

тырылады. Оған қоса ғимараттың терезе, есіктерін толық ауыстыру, электр лампаларын жаңалауға үнемделген қаржы есебінен қосымша келісім-шарт жасалды. Кенттегі №7 «Балдырған» балабақшасында «Болашақ» ЖШС-мен жасалған келісім-шартта көрсетілген жөндеу жұмыстары аясында ғимараттың ауыз су мен көріз жүйесі ауыстырылды. Балабақшадағы еңбек ырғағы қалыпты.

– «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» бойынша білім беру үдерісіне енген жаңартылған бағдарлама негізінде білім жетілдіру билғы оқу жылында әрбір мұғалімнің алға қойған мақсаты болып отыр. Жаңартылған білім беру бағдарламасы озық

технологиялардың барлық қыр-сырларын білуге жетелейді. Әрі пән бойынша бағдарламаға сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді түсінуге және қолдана білуін қамтамасыз ете отырып, оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериялды бағалау жүйесін түсініп, қолдана білуін қамтамасыз етеді, – дейді Бектұр Асанханұлы.

Ұлттық біліктілік тестілеу тапсыруға өтініш білдірген 427 мұғалім «педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» бағытында бақтарын сынап, қорытындысы бойынша оған қатысқандардың басым бөлігі сынақтан сәтті өткен.

Ауданның білім беру саласы жаңа жүйеге көшу барысында азаматтардың білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған, туындаған мәселелерді шеше

білетін өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелеуді басты фактор ретінде қарастырады. Соған орай «Өрлеу» БАҰО АҚ және ПШО (педагогикалық шеберлік орталығы) ауданның педагог кадрларының біліктілігін жүйелі түрде арттырып келеді. Қазақстан Республикасында білім мазмұнын жаңарту бағдарламасына сәйкес «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша филиалының және ПШО-ның оқытушы-тренерлері аудан педагогтерімен тығыз байланысады. Білім беру ұйымдарында «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында іс-шара жоспары жасалған. Ағымдағы жылы «Инновациялық-интеллектуалды технология академиясы» ЖШС арқылы 34 мектепке Білім және ғылым министрлігі, облыстық білім басқармасы ұйымдастырып отыратын онлайн интерактивті сабақ, онлайн конференцияларға қатысуға сертификаттар алынса, мынадан бастап «Bilim Media Group» ЖШС ұсынуымен электронды порталға бірқатар мектеп қосылуы да жаңашылдықтың үлгісі.

Білім бөліміне қарасты жалпы орта білім беру ұйымдарына оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындалып, 20 тамызға дейін жеткізіліп таратылады.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ. Қазалы ауданы.

ҮМІТ АЛҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Өмірде қайырымдылық жасауды азаматтық парызы санағын жандар да бар. Солардың бірі – Ольга Чебакова. Ол 2015 жылдан бастап ерікті ретінде қайырымдылық шараларынан қалыс қалған емес.

Алға Талсуаттағы оңалту орталығында өткен жинда арбада отырып билетін жандармен танысады. Кейін белгілі бір орын дайындап, олардың басын қосты. Мүмкіндігі шектеулі болса да, өмірге құштар жандармен еркін пікір алмасып, арнайы сауалнама жүргізеді. Олардың көзінен өмірге деген құштарлықты көрді. Арбада отыратын жандардың басын біріктіріп, биге баулады. Оған «Алекс» студиясындағы Елена Ким қолдау білдірді. Осылай Ольга би ұжымын құрып, жан-жақты қолдау арқылы «Қызылорда еріктілері» қоғамдық қорын құрды. Қор өз жобасын жасап жұмыс атқаруда. 2016 жылы би ұжымы Қызылордада өткен күзгі балда «Ерекше би» орындап, көпшіліктің қошеметіне ие болды.

Ұжымға биді облыстық паралимпиялық комитеті ұсынған хореограф үйретеді. Жалпы, топта арбамен билетін 5 жан бар. Бес биші олармен жұптасып билейді. Сәуір айында би ұжымы Астанада өткен байқауға



Бүгінде Ольга жетекшілік ететін «Қызылорда еріктілері» мүгедек жандарға қолдау білдіру мақсатында түрлі іс-шараларды ұйымдастырады. Қайырымдылық шараларынан түскен қаржыны мұқтаж жандардың қажетіне жұмсайды. Соның бірі – «Қайырымдылық – жүректен жүрекке жетеді» атты концерт. Онда ерікті жастар мен мүгедек арбасына танылған жандар өнер көрсетіп, көпшілікті осындай шараларға атсалысуға шақырды. Осы шара арқылы еріктілер мүгедектер үшін көлік тасымалына қажет қаражат жинаған.

«Қызылорда еріктілері» қауымдастығының жетекшісі Ольга Чебакова бүгінде өзгерлеге қолдау білдіріп, көмек көрсетуге ниетті жандардың қатары артып келе жатқанын айтты.

– Біз қайырымдылық шараларын жиі өткіземіз. Басты мақсат өзгенің басындағы қиындыққа енжар қарамай, қайта демеу таңыту. Біздің топ өте белсенді. Өзгерлеге көмек беруге әзір тұрады, – дейді ол.

Қазіргі кезде еріктілер мен мүгедек арбасына танылған жандардан жасақталған би үйірмесі облыстағы танымал өнер ұжымына айналды, түрлі байқаулар мен шаралардың басы-қасында жүреді. Сонымен қатар жастар ресурсы орталығы өткізген жиындарға қатысады. Осылай көрерменнің ыстық ықпалына бөленген еріктілер жуырда тағы бір бастама көтерді. Инклюзивті театрдың түсуәкесер қойылымын қойды. Жұртшылық назарына Н.Гогольдің «Ревизорынан» үзінді келтірді. Шараға на-шар көретін, әлсіз еститін балаларға арналған мектеп-интернатының оқушылары арнайы шақырылған. Онда балалар қуанышқа кенеліп, ерекше әсер алды. Еріктілер тобына түрлі шараларын өткізетін орындар тегін беріледі.

Бұл ұжымның бүгінде жеткен жетістігі аз емес. Түрлі байқауларға қатысып, біткен көрініуде. Бил «Қызылорда еріктілері» қоғамдық қоры елімізде «Қазақстанда іске асырылып жатқан үздік әлеуметтік жобалар» республикалық байқауына қатысты. Жалпы осындай әлеуметтік жобалардан кейін тағдыр тәлкегінде ұшырап, тығырлық тірелсе де, жігері құм болмай, белгілі бір істі иеріп, жеке ісін ашқан, онымен қоймай өзге замандастарына көмектесуді мақсат тұтқан жандар көбейді. Ольга мұнымен тоқтап қалмақ емес. Топқа келіп, жұмыс жасаймын деген кез келген мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдауға әрқашан дайын.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы».

TRENING І

Күн сайын орын алған түрлі оқиғалар, қайғылы жағдайлар жайында естіліп, біліп жатамыз. Жалпы, адам тосын жағдайға үйде, көшеде, жолда, кез келген жерде ұшырауы мүмкін. Әсіресе, соңғы кезде жол-көлік оқиғасы салдарынан болатын оқиғалар көп-ақ. «Көз алдымызда қайтыс болды. Қолымнан бар келгені» «Жедел жәрдем» шақыру ғана. Ол көмекке келгенше кетіп қалды» деп жатқанды жиі естейміз.

Мынаның қараңыз, әлемде жыл сайын миллионнан астам жол-көлік оқиғасы тіркелсе, соның 80 проценті куәгерлердің көз алдында болады екен. Ал сіз осындай жағдайда немесе басқа да оқиға оқиғаның куәгері болсаңыз, «жедел жәрдем» жеткенше алғашқы медициналық көмек көрсете ала ма едіңіз? Мамандардың айтуынша, осындай кездері көбінесе адамдар алғашқы медициналық көмек көрсету жөніндегі білімінің жоқтығынан жанындағы кісіге, тіпті туысы, танысы немесе досына қол ұшы берсе алмай жатады.

Жалпы, алғашқы медициналық көмектің негізгі мақсаты – адам өмірін құтқару. Ең бастысы – алғашқы секундтарда дұрыс әрекет етуге үйрену, дәрігер кел-

генше апатқа ұшыраған адамның өмірін сақтап қалу. Ендеше, алғашқы көмек көрсете білгеннің өзіңіз үшін де, айналадағы адамдар үшін де маңызы зор екен.

Облыс бойынша Ұлттық

ЖАҚЫНЫҢҢЫҢ ӨМІРІН ҚҰТҚАРЫП ҚАЛ!

оқу-клиникалық орталық «Жақыныңның өмірін құтқарып қал!» ұранымен алғашқы көмек көрсету дағдыларынан тегін тренинг өткізді. «Сыр медиа» ЖШС қызметкерлері арасында ұйымдастырылған шара барысында «Қан кеткен жағдайда алғашқы көмек көрсету» және «Өкпе-жүрек реанимациясы» тақырыптары қамтылды. –Алғашқы көмек дұрыс және



неғұрлым ертерек көрсетілген жағдайда нәтиже береді. Көп жағдайда зардап шеккен адамды құтқарып қалу, тікелей оқиға оқиға болған жердегі адамдардың көмегін көрсетуіне байланысты. Олардың басым бөлігін оқушы медициналық білімі жоқ, сондықтан «Жедел жәрдем» мамандары келгенше әр адам алғашқы көмек көрсету дағдыларын білгені өте маңызды. Жақында ғана орын

алған спортшы Денис Теннің қазасы осы алғашқы көмектің көрсетілмеуіне тікелей қатысты. Мұндай оқиға күнделікті өмірде көптеп кездеседі. Осындай жағдайда дереу көмек қолын созсақ, өлім-жітімнің алдын алуға болар еді. Сол себепті біздің орталық осындай тренингтерді өткізуді қолға алуда, – деді орталық директоры Нұрлан Қалиева. Екі сағатқа жуық уақытты

қамтыған шара барысында орталық әдіскері Гүләйла Жүргенова қан кеткен жағдайда көрсетілетін алғашқы көмек жайында егжей-тегжейлі түсіндіріп, Нұрлан Қалиева кенеттен жүрек тоқтағанда жасалатын көмек туралы айтып, арнайы манекендермен тәжірибе көрсетті. Сонымен бірге алғашқы көмек көрсетуде мән берілуге тиісті жайттар, қатаң ұсталатын ережелер түсіндірілді. «Сыр медиа» ЖШС қызметкерлері де асқан қызығушылықпен қатысып, белсенділік танытты.

Жалпы, мәліметтерге сүйенсек, алғашқы медициналық көмек уақытында көрсетіле, 100 адамның ішінен жиырмамының өмірін алып қалуға болады екен. Бір сағат ішінде көрсетілмеген көмек ауыр жараландандар саны – 30 процентке, 3 сағат ішінде көрсетілген көмек – 60 процент, ал 6 сағат ішіндегі көмек 90 процентке дейін өсіреді. Демек, зақымданушылар дер кезінде көмек көрсетілмесе, өлім-жітім саны едәуір артады деген сөз. Олай болса, әрқайсымыз үшін де алғашқы көмек көрсетуді үйренгеннің маңызы зор.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы».

Қызылорда облыстық мәслихатының шешімі Қызылорда қаласы №230 8 тамыз 2018 жыл кезектен тыс 22-сессия «2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 157 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы қолданысқа келтіріні 106-бабының 4-тармағына, «Қазақстан Республикасының Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ІШІНШІ КАБЫМДА...

1. «2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №157 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізімінде 6074 нөмірмен тіркелген, 2017 жылғы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің электрондық аталандық бақылау банкіне жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі:

- 1-тармақ және редакциялы жазылсын: «1. 2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет тізбесіне 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2018 жылғы мынадай көлемдерде бөлінісін: 1) кірістер – 201 685 283,2 мың теңге, оның ішінде: салықтық түсімдер – 18 867 940,5 мың теңге; салықтық емес түсімдер – 4 545 404,0 мың теңге; бюджеттік кредиттер – 12 199 667,0 мың теңге; трансферттер түсімі – 178 263 638,7 мың теңге; 2) шығындар – 197 417 858,7 мың теңге; 3) таза бюджеттік кредиттеу – 2 678 548,0 мың теңге; бюджеттік кредиттер – 12 199 667,0 мың теңге; бюджеттік кредиттер өтеу – 9 521 119,0 мың теңге; 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша салдо – 5 205 554,0 мың теңге; қаржы активтерін сатып алу – 5 205 554,0 мың теңге; мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0; 5) бюджет тапшылығы (профицит) – 3 616 677,5 мың теңге; 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 3 616 677,5 мың теңге.»; 4-тармақ және мазмұнындағы 26), 27) тармақшаларымен толықтырылсын: «26) тұрғын үй қорымен қорысу; 27) спорттық іс-шараларды өткізу;»;

10-тармақ және редакциялы жазылсын: «10. Облыстың жергілікті атқарушы органының 2018 жылғы арналған резерві 106 859,7 мың теңге көлемінде бөлінісін: аталған шешімнің 1-қосымшасына осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакциялы жазылсын. 2. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 22-сессиясының төрағасы Р. Байназарова Қызылорда облыстық мәслихаты хатшысының міндетін атқарушы Р. Искакова

Қазақстан Республикасының Әділет министрі Қызылорда облысының қаласының Әділет департаменті Нормативтік құқықтық актісі 13.08.2018. Нормативтік құқықтық актісі мемлекеттік тіркеуінің тізіліміне № 12000-120014-6400 білім енгізілді

Қызылорда облыстық мәслихатының 2018 жылғы «8» тамыздағы 22-сессиясының №230 шешіміне қосымша Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы «12» желтоқсандағы 17-сессиясының №157 шешіміне 1-қосымша

2018 жылға арналған облыстық бюджет

Table with columns: Саны, Сыныбы, Ішкі сыныбы, Атауы, Сомасы, мың теңге. It lists various budget items such as salaries, social security, and infrastructure projects.

Table with columns: Саны, Сыныбы, Ішкі сыныбы, Атауы, Сомасы, мың теңге. It lists various budget items such as salaries, social security, and infrastructure projects.

Table with columns: Саны, Сыныбы, Ішкі сыныбы, Атауы, Сомасы, мың теңге. It lists various budget items such as salaries, social security, and infrastructure projects.

Table with columns: Саны, Сыныбы, Ішкі сыныбы, Атауы, Сомасы, мың теңге. It lists various budget items such as salaries, social security, and infrastructure projects.



Хусейн ӘМІР-ТЕМІР, облыстық Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрының көркемдік жетекшісі:

«ТАЛҒАМПАЗ КӨРЕРМЕНДЕРДЕН ЖОҒАРЫ БАҒА АЛДЫҚ»

Жыл сайын тамыз айында Шотландияның Эдинбург қаласы әлемдегі ең ірі өнер фестиваліне келетін қонақтарды қабылдайды. «Фриндж» өнер фестивалінің тарихы 1947 жылдан басталған. Эдинбургтің таңдалу себебіне келсек, бұл қала неміс басқыншыларының бомбалауынан аса көп зардап шекпеген, театр алаңдары мен қонақүйлері артистер мен көрермендерге ыңғайлы еді. Қазір «Фриндждің» ізімен басқа елдерде жыл сайын 200-дей фестивальдер ұйымдастырылады. Бірақ, дақы мен бөделі жағынан Эдинбург фестивалінен озған ешқайсысы жоқ. Үш апта бойы таң атқаннан кеш батқанға дейін қала көшелері үлкен сахнаға айналады. Жыл сайын фестиваль көрермендерге 3 мыңнан астам қойыммен 2 мыңнан астам түрлі шоулар ұсынылады. Музыкадан бастап комедияға, операдан бастап биге дейін орындалады, бір сөзбен айтқанда, бұл мерекеге студенттік театрлар да, атақты орындаушылар да келеді. Биыл «Фриндж» фестивалінде тұңғыш рет қазақ театры өнер көрсетті. Ол – облыстық Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры. Осыдан бірнеше күн бұрын театр ұжымы өнер сапарынан елге оралды. Біз театрдің көркемдік жетекшісі Хусейн Әмір-Темірмен сұхбаттасып, фестивалден алған әсерін бөлісуімізді сұраған едік.



Эдинбургте «Болашақ» бар-далама сапалық білім алып жатқан қазақ студенттері мен сонда тұрып жатқан қазақ отбасылары келіп тамашалады. Спектакльден соң сахнаға келіп, гүл шоқтарын ұсынды. Жалпы өнердің өрлеуі үшін осындай сапарлардың өзіндік көрсетіміз, өзгені үйренудің орны ерекше. Бұл ретте біздің облыстық театрдың өнер көрсету географиясы жылдан жылға ұлғайып келе жатқанын білеміз... Дұрыс айтасыз, театр артистері бұған дейін шетелдердегі өнер долларын жинап келіп, үлкен жетістіктерімен орыдан Лондонда Д.Исабековтің «Ескі үйдегі екі кедесу» «Аласпыран» атты трагифарсен, Әзірбайжанға «Кетпейсің, болды, кетпейсің» деп аталатын қойылыммен, Түркияға түркі халықтарының «Мын тыныс, бір үн» театр фестиваліне «Төбекәз» спектаклімен бардық. Мәхаббат тілге бөлінбейтіндіктен, біздің қойылымдарымызға қызығушылық танытқан көрермен көп болды. Өнер сапарларымыздың географиясының кеңейгені, қазақ театрларының арасынан бірінші болып әлемдік деңгейдегі фестивальге қатысынамыз үшін өрнек, облыс әкімімізге алғысмыз шексіз. Ұлттың бай қазынасын жарқыратып көрсетуге, әлемге танытуға жанышарлық бар жерде қазақ өнерінің туы жығылмайды деп ойлаймын. - Әңгімеңізге рахмет Сұхбатты жүргізген Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

Хусейн аға, біздің театр ұжымының әлемдік деңгейдегі фестиваліне қатысуы, сөз жоқ, үлкен жетістік. Интернеттен фестиваль тарихы, барысы туралы түрлі мәліметтер оқығанымызбен, көзбен көріп қайтқан сәздің әңгімеңіз қызық болып тұр... Ағылшын жерінің төрінде қазақ әртістері қазақ тілінде, қазақ спектаклін ойнауы - өнер тарихындағы ерекше оқиға. Фестивальдің 70 жылдан астам уақыттан бері өткізіліп келе жатқаны ескерсек, бұл шараның өз көрермендері қалыптасқан. Жұртшылық нағыз өнерді бағалауға үйренген. Биылғы фестивальге әлемнің 50 мемлекетінен 50 000 өнерпаз қатысты. Өнер мерекесі өткен Эдинбург көшелерінде ине шаншар орғын жоқ. Туристер арасында танымал «Royal Mile» көшесінде қысқаша қойылымдарды сахналадық. Фестивальдің іш-шараларының негізгі бөлігі осы жерде өтеді екен. Жер шарының әр қырынан жиналған шығармашылық ұжымдар көрермендердің жүрегін жаулау үшін бар өнерлерін салды. Осында ортада біздің театр ұжымы да болды. Ұлттық киімдерімізбен әнімізді шырақ, мың бұралған бімімізді көрсетіп, қала халқы мен қонақтарын тәнті еттік. Бұрын-соңды қазақ халқы мен оның өнері туралы білмегендер үшін жақсы таныстырылым жасадық деп ойлаймын. Фестивальдің ашылу салтанатында Германия, Польша, Мексика, Испания және Шотландия елдерінің өнерпаздары өнер көрсетті. Атақты Эдинбург қамалына жиналған халық таңғажайып сахналық көріністерге, мерекелік оташуларға куз болды. - Ағылшын театрының тарихы өз бастауын орта ғасырдан алатынын ескерсек, ондағы талғампаз көрерменді таңғалдыру оңай шаруа емес. Эдинбургте сахналанған қойылым туралы айтып бересіз...

Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры фестивальге Ф.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» лиро-эпостық драмасының желісі бойынша сахналанған «Ақбай» спектаклімен қатысты. Махаббат пен гашықтар тағдыры туралы елу минуттық қойылымды көрермен өте жылы қабылдады. Шетелдіктерді қазақтың бай өнерімен, тарихымен және мәдениетімен етене таныстыру мақсатымыз орындалғанын байқадық. Спектакль ағылшын тіліне аударылып, алдын ала кітапша етіп үлестірілді. Көрермендер қазақтың ұлттық мәйегі мен мәдени құндылығы тоғысқан «Ақбай» қойылымынан алған әсерлерін айтты.

Мәмбет әулиеден жеткен жәдігер - әлгі жартысы сынған төстің салмағы 40-50 келдей бар шығар. Оны қаулы жегіттердің өзі әзер көтереді. Ал ұзындығы бір күлаш келетін қысқаштар мен көксерер тот басып, сарғайып кетіпті. Бір қысқаштың сабы сынған жерінен дәнекерленген байқалып тұр. Әрине сол заманның дәнекері десек те жұп-жұмыр, теп-тегіс етіп жапсырылған. Еріксіз таңғаласыз. Үлкенді-кішілі екі көрік түр. «Көркіт қызың кезде сок» деген қазақтың ескінен келе жатқан мәтелі бар. Яғни сол көрік қып-қырыл шоқ болып тұрған темірді қалыпты ауа қысымына келтіреді екен. Сонау XIX-XX ғасырда халықтың тұрмыстық суранысын өтеп, одан беріде қалың ел қасиетіне бауып, күнде жәдігерлер осылайша XXI ғасырға дейін келе отыр. Тарихтың толқыны калай тула да, қанмен дарыған қасиеттің қаймағы бұзылған жоқ, қадірі қашқан жоқ. Сайын даланың саумал иісі сіңген керемет дүниелер көкірегіміздің шірін қозғап, көп жайтқа көзімізді жеткізгендей болды. Тіліміз бен дініміз қайта оранған шақта тұрған топтарымыздың іле бауыры балқып, Тәуелсіздік тамырымен терең тыныстаған тарзиді. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түінін, небәрі 22 жыл өмір сүріп, осы қас-қағым ғұмырында халқымыз қалтқысыз күрметіне бөленген қасиетті Мәмбет әулиенің төл перзенті Телғар да кешегі тас-метін дәуірдің тепкісін көп көрді. Талайлар тас атып, тағдырын тәлкекке салып жатса да, тәубесінен танабды. Құдай қосқан қосағы Күлшәрімнен екеуі сегіз перзентті өмірге әкеліп, иманды ұл, ноалы қызды тәрбиелеп өсірді. Ал осы перзенттерінің ішінде бадан қалған ұсталық өнер ұлы Мелеттің бойына қоныпты. Ханнан да, қарадан да қайықпай, әл-дәрмені жеткенше әділдікті жақтайтын Айкумі Телғарқызы жан-жарасын жырмен емдеп жүрген жанынң бірі, Бүгінде Батырхан ағамызбен бір шаңырақ астында берекелі ғұмыр кешіп жатқан жаын бар. Бұл отбасының ұрпақтары да өнерден кенде емес. Таланттымен топ жарып, талайды тамсандырып жүр. «Тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады» деп атамыз қазақ айтқандай, Мәмбет әулиеден тінін тарқатқан тарих толығын осылайша екі ғасырдың қойнағынан сыр шертеді. Бүгінде Жалағаштың багыз беткейінде Мәмбет әулиенің ұстаханасының орны бар. Онда әулиеге зиярат етіп келушілерге арналып ұй салынған. Бұл үйдің салынуына ауыл-аймақ азаматтары түгел атсалысты. Ал ғасырлар жүзін арқалаған жәдігерлер әулиенің ұстаханасына қойылды.

Драмасын сахналадық Түркістанға «Аласпыран» атты трагифарсен, Әзірбайжанға «Кетпейсің, болды, кетпейсің» деп аталатын қойылыммен, Түркияға түркі халықтарының «Мын тыныс, бір үн» театр фестиваліне «Төбекәз» спектаклімен бардық. Мәхаббат тілге бөлінбейтіндіктен, біздің қойылымдарымызға қызығушылық танытқан көрермен көп болды. Өнер сапарларымыздың географиясының кеңейгені, қазақ театрларының арасынан бірінші болып әлемдік деңгейдегі фестивальге қатысынамыз үшін өрнек, облыс әкімімізге алғысмыз шексіз. Ұлттың бай қазынасын жарқыратып көрсетуге, әлемге танытуға жанышарлық бар жерде қазақ өнерінің туы жығылмайды деп ойлаймын.



Жақында Жаңақорған кентінің спорт кешенінде волейболдан жыл бойы өткізіліп келе жатқан облыс біріншілігінің 4-ші, яғни, соңғы айналымы өз мәресіне жетті. Жеті аудан мен қаланың құрама командалары арасынан қызылордалық қыздар әдеттегідей алдына қара түсірмей, тағы алтын медаль мен арнайы кубокты еншіледі. Тартысты ойында Ф.Айбосынова, А.Рысәулетова, Г.Бекназарова секілді бабы келіскен бұрымдылар командалық алға сүйреп, жаттықтырушы тактикасын жақсы орындап шықты. Қыздар құрамасын Жанна Алтынбекова жаттықтырады. Ал, ерлер арасындағы дәл осы біріншілік бәсекесінде тоспадопшылар сәл тосырақ қалды. Үш айналым бойы алда жүрген құрама соңғы турда шиеіліктерді алға оздырып, 2-орынның жүлдесін олжалады. Дегенмен, шеберліктерімен көзге түскен А.Жақанбаев, Ж.Әбуәйт, И.Ағрафонов, Ә.Ахмет секілді ойыншылар жеке жұлде иегерлері атанды. Волейбол - командалық ойын, сондықтан оның жеңіске жетуі ойыншының бәріне ортақ. Р.ДҮЙСЕНҰЛЫ.



Туған жердің тарихы таңғажайып тақырыптардың аясында тарқатылады. Алты алашқа мөлім болған әулие-әмбиелер, ғұлама, данагөйлер, сөз зергерлері, өңбек даңқын өрлеткен ерекше тұлғалар жайлы естеліктер Жалағаш топырағында да көптеп кездеседі. Солардың бірі - XIX ғасырда өмір сүрген, темірден тұйып, тұтас елдің тіршілік тінін өрген қасиетті тұлға Мәмбет әулие. Ол кісінің тікелей ұрпағы Телғарқызы Айкумістің айтуынша, Мәмбет бабамыз небәрі он бір жасында темірді бақыттып, тұрмысқа керекті түрлі бұйымдарды жасай бастаған. Көп ұзамай шеберлігімен талайды таң қалдырған ұста балаға жан-жақтан адамдар ағылып келе бастайды. Келген кісілер қып-қызыл шоққа қолын қарып, таңғажайып тірлік жасап жатқан ұстаның шеберлігіне тәнті болатын. Одан бері ғасыр көп жылжып өткен... «Жалағаш жарық» газетінде кызметте жүрген кезім. Бір күні «Мәмбет әулиенің тұтыңған дүниелері табылды» деген хабар құлағымызға жетті. Екі ғасырдың жүзін арқалаған ерекше жәдігерді көзбен көрмекке көңілдіміз ауды. Ең бастысы, бұл жаңалықтан ел-жұртты хабарда етудіміз керек. Осындай мақсатпен Қараөңкертен ауылына жол тартып, ауылдағы белгілі азаматтың бірі Амангелді Исаявтың шаңырағына келдік. Үй иесі, Амангелдінің ұлы Мейрамбек бауырымызға бұйымтаймызды айттық. Әңгіме тым әріден бастау алды... XIX-XX ғасырда аймаққа атағы шыққан Ешпан есімді ұста өмір сүрген деседі. Осы Ешпан бозбала шағында қатты сырқаттанып, ақырында бір көріпкек кісіні шақырып, қаратады. Әлгі көріпкек бұл жігіттің еш жері ауырмайтынын, тек көкірегінде бір құлаш қара жылан жатқанын айтады. Шыңдығында, дәл солай болған деседі. Алайда басы-

...Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласынан.



на ақ құйған соң, жылан жөніне кетеді. Ал көріпкек сол босағаға қонып, ертесіне жігіттен қандай түе көргенін сұрайды. Сонда Ешпанның айтуынша, «Түсінде бір ақсақал келіп, Қараөңкердің бойындағы үлкен шұңқырдың ортасында бір төс, бір балға, бір қысқаш бар екенін, ендігі жерде сол құралдардың егесі өзі екені айтты». Содан ескі Құрманалы үйіндегі жалғыз тағын жетелеп, жақын-жуық ағайынның ертіп, айтылған шұңқырға келеді. Әлгі түсіндегі ақсақалдың аян беріп, кітқан құралдарын айна-қатесіз сол жерден табады. Құрманалы қарт мұның тегін емес екенін біліп, дәреу тайын сойып, құран оқытып, садаққа тарағанды, Сондағы аян берген осы Мәмбет ұста екен.


Мәмбет әулиеден жеткен жәдігер - әлгі жартысы сынған төстің салмағы 40-50 келдей бар шығар. Оны қаулы жегіттердің өзі әзер көтереді. Ал ұзындығы бір күлаш келетін қысқаштар мен көксерер тот басып, сарғайып кетіпті. Бір қысқаштың сабы сынған жерінен дәнекерленген байқалып тұр. Әрине сол заманның дәнекері десек те жұп-жұмыр, теп-тегіс етіп жапсырылған. Еріксіз таңғаласыз. Үлкенді-кішілі екі көрік түр. «Көркіт қызың кезде сок» деген қазақтың ескінен келе жатқан мәтелі бар. Яғни сол көрік қып-қырыл шоқ болып тұрған темірді қалыпты ауа қысымына келтіреді екен. Сонау XIX-XX ғасырда халықтың тұрмыстық суранысын өтеп, одан беріде қалың ел қасиетіне бауып, күнде жәдігерлер осылайша XXI ғасырға дейін келе отыр. Тарихтың толқыны калай тула да, қанмен дарыған қасиеттің қаймағы бұзылған жоқ, қадірі қашқан жоқ. Сайын даланың саумал иісі сіңген керемет дүниелер көкірегіміздің шірін қозғап, көп жайтқа көзімізді жеткізгендей болды. Тіліміз бен дініміз қайта оранған шақта тұрған топтарымыздың іле бауыры балқып, Тәуелсіздік тамырымен терең тыныстаған тарзиді. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түінін, небәрі 22 жыл өмір сүріп, осы қас-қағым ғұмырында халқымыз қалтқысыз күрметіне бөленген қасиетті Мәмбет әулиенің төл перзенті Телғар да кешегі тас-метін дәуірдің тепкісін көп көрді. Талайлар тас атып, тағдырын тәлкекке салып жатса да, тәубесінен танабды. Құдай қосқан қосағы Күлшәрімнен екеуі сегіз перзентті өмірге әкеліп, иманды ұл, ноалы қызды тәрбиелеп өсірді. Ал осы перзенттерінің ішінде бадан қалған ұсталық өнер ұлы Мелеттің бойына қоныпты. Ханнан да, қарадан да қайықпай, әл-дәрмені жеткенше әділдікті жақтайтын Айкумі Телғарқызы жан-жарасын жырмен емдеп жүрген жанынң бірі, Бүгінде Батырхан ағамызбен бір шаңырақ астында берекелі ғұмыр кешіп жатқан жаын бар. Бұл отбасының ұрпақтары да өнерден кенде емес. Таланттымен топ жарып, талайды тамсандырып жүр. «Тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады» деп атамыз қазақ айтқандай, Мәмбет әулиеден тінін тарқатқан тарих толығын осылайша екі ғасырдың қойнағынан сыр шертеді. Бүгінде Жалағаштың багыз беткейінде Мәмбет әулиенің ұстаханасының орны бар. Онда әулиеге зиярат етіп келушілерге арналып ұй салынған. Бұл үйдің салынуына ауыл-аймақ азаматтары түгел атсалысты. Ал ғасырлар жүзін арқалаған жәдігерлер әулиенің ұстаханасына қойылды.

ҒАСЫРЛАР ЖҮГІН АРҚАЛАҒАН ЖӘДІГЕР

балалары көйлек-көншек, қант-шайға бір қарық болып қалған екен. Ұстаның Әбдіғани Әбдібек, Қуантай, Мейрамқұл есімді балалары болған. Әбдіғани Ұлы Отан соғысына кетіп, одан қайтып оралмайды. Жастай жесір қалған келіннің құшағында қалған кітқан баланы атасы Ешпан бабамыз басады. Кейіннен осы немере қызы Қараөңкертен ауылындағы Амангелді есімді жігіттен отау құрып, 10 баланы өмірге әкеледі. Сол Тынымқұлдың кенжесі Байболат дүниеге келіп, соның қолынан су ішкен ұста: - Шөберемнің қолынан су іштің, енді арманым жоқ, - деп қуанады. Сол күні Ешпан ұста күйеу баласы Амангелдіге көрген түсін айтады: «Күнде мінн жүрген есегіме 25 қаламдай жүріп барып, мінн кеттім, әрі кетсе 25 күндей ғана өзіміз қалды-ау, - деп жорамалың жеткізеді. Шыңдығында да солай болады. Мәмбет әулиенің аянымен келген ұсталық өнерімен елге танылған Ешпан ұста 1969 жылы 90 жасқа қараған шағында өмірден озады. Әрине, ұстаның ізін басатын, іске икеміз үлгі болмады. Сондықтан ол қасиетті бұйымдарды әлгі бауырына басқан немере қызы Тынымқұлға табыстайды. Ал Тынымқұл апамыз дүние саларда балаларына Мәмбет әулиенің атасына аян беріп, ұсталық қасиет

бір ғана айтырым, трактор, соқа апарушы болмақандар. Құрпекен қолдап қазыңдар, - дейді. Бұл кез қаңтар айы, қыстың қытымыр аязы қысқан кез болатын. Сонымен білекті азаматтар бойларың, ойларын тазартып, сол орнына барады. Арнайы құран бағыштап, үйдің аумағында жерді арши бастайды. Бір кереметі, күректің басы тигеннен әлгі жердің топы жібіп сала берді. Бір күнде бірнеше көлік қоқысты тазартып, дүкеннің орнын ашып қояды. Мейрамбек ағамыздың айтуынша, екі ғасыр бойы босағасында сақталған ұсталық бұйымдарға бей-берекет жақындауға болмайды екен. - Бір күні ауыл арасында бір той болып, жас жігіттермен көкпарға жиналдым. Кенет астыма дағды атымының үзенгің үзіліп кетті. Өзім аздап ішімдік ішіп алған едім. Үзенгіні төске қойып балғаммен ұрып қалған кезімде төстің бір бұрышы шарт етіп, сынғып түсті. Маңдайымнан суық тер бүрк ете қалды. Содан бастап бұл бұйымдарды қолыма алған емеспін. Бірақ үйімді қайда көпсе де, осы құрал-саймандарды өзіммен бірге алып жүрміз. Басқа дүниелерімді қалса да, атамыздың күзін көрген қасиетті дүниелерді ешқашан қалдырған емеспіз. Өйткені, бұл анамыздың айттып кеткен аманаты, - дейді ол.

Жазыра ӘБІЛДА, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі.



ЖӘРМЕҢКЕ ӨТЕДІ

18 тамызда сағат 8.00 - 13.00 аралығында Қармақты ауданы әкімінің ұйымдастыруымен Қызылорда қаласы, Жұрба көшесіндегі бойында (С.Романов көшесі мен Саламатов көшесінің аралығы) ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өткізіледі.



ХАБАРЛАНДЫРУ Қазалы ауданының Әйтеке бей кентінде 2018 жылдың 1 қазанында қалааралық «Қазалы Керуен» автовокзалы ашылады. Автовокзал ғимаратының ішінде - сауда орындары, аумағында - сауда павильондары, техникалық жөндеу станциялары жалға (оның ішінде сатып алу құқығымен) беріледі. Қала аудандық көлік-такси, микроавтобус көліктеріне автотұрақ бойынша сураныс бірінші кезекте ескеріледі. Байланыс телефондары: 8(7242) 26-37-87; 8 775 392 12 56; 8 700 111 67 59; 8 702 224 31 33; E-mail: kazaly-keruen@mail.ru (10-5)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба еңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақилы қызмет. Таралымы 28732 Тапсырыс №1307